

МИФ ЖӘНЕ ҚАЛАМГЕР

Егер Дидахметтей қазақ прозасында қос ғасырды жалғап, әдеби процестің бодандық және бостан дәуірінде өзіндік із қалдырған қаламгерді магиялық күзiретке ие алаш дүниетанымының туындыгерi, демиург, мәдени қаһарман дәрегейiне көтерiп, көне Қорқыт архетипiне балайтын болсақ, онда Мұхтар, Бердiбек және Тахауидың т.б. қара сөз тәңiршелерiнiң көлеңкесiнде қалатындардың емес, өшкендi жандырып, жаңаны тұтатқан «проза алыптарының» өкшесiн басқандардың санатынан табамыз.

Мен ағаның өзімен емес, алаштық миф пен алаштық өмір өрілген туындысымен таныс болдым. Әрі постсоцреализм көркемдік әдісімен жазылған туындыларына табынушы көп оқырманының бірі еді. Мифтуындыгерлігін қазақ әдебиетінде жоғары деңгейге көтерген әдеби көсбасшылығына ғылыми куә болып, бір туындысына қос мақала арнап, жерлес ағамының шығармашылығына қатысты өз інілік ізетімді білдіргенім де бар еді. Ағамыз арамыздан кеткенімен туындылары алашпен мәңгі бірге жасасады. Өзі өлгенмен – сөзі өлмеген прозашы бар, туындысы – авторынан бұрын өлетін прозалық шығарма бар. Ағамыз не жазса да, ұлттық дүниетаным аясында, өз дәуірімен болашақты жалғауды қаламгерлік мұрат тұтатын. Әрі өз өңірін «Асқаралы Алтайын» – қара сөзбен ұлт жадысында мәңгіге таңбалап кетті.

Әдетте, Дидахметтей әдеби процестегі ірі қаламгерге қатысты “ол қазақ миф туындыгерінің көшбасшысы ма, әлде оны жалғастырушы ма?” сынды заңды сауал туады. Оған әркім әрқилы жауап береді.

Миф – әртекті, ағамыздың мифі – Алтайды түрлі қырынан мифтендірген бір текті еді. Осы соңғысы жағынан баламалы тарихты мифпен өрімдеп, өзіндік сюжет-мотивпен жұтындырып, «Тасқала» мен «Жынды жел» сынды қос классикалық туындысын алашына аманаттап кетті.

Жалпы, классик болу дегеніміз – ұлттың интеллектуалды ақыл-парасат алаңын тастап шыққан жанның милеттінің мәдени-рухани кеңістігінде өз орын белгілеп мәңгіге орнығып қалуы. Ұлттың интеллектуалды ақыл-парасат алаңын тастап шыққан прозаиктердің арасында – милеттінің мәдени-рухани кеңістігінде өз орын белгілеп мәңгіге орнығып қалғандары санаулы. Сол санауларыдың арасында ағамыздың да барлығы: көңілге – медеу, жанға – жалау.

Әлемдік деңгейдегі «Тасқала» мен «Жынды жел» сынды қос классикалық туындыңыз барда – сіз болшақ ұрпақтың да сүйсініп оқыр прозаиктерінің бірісіз. Бұндай әдеби бақыт бұйырмайтын – өз дәуірінің «үрген доп» классиктерінің тобынан аулақтап «әдебиет әлеміндегі» – «Жұлдыз» болып, нұрыңызды алаштың мәдени өлкесіне шашып тұрсыз.

Біз тек сіздің әліде талай ғалым ой толғап, пікір айтатын осы классикалық туындыларыңыздың бірі жайында өз ойымызды жаныңыз бен сүйген ұлтыңыздың оқырмандарына ұсынып отырмыз.

ЖАДЫДАҒЫ АУЫР МҰҢЫ

(Дидахмет Әшімханұлының “Жынды жел” әңгімесі бойынша бірінші толғаныс)

I

Дидахмет Әшімханұлының шығармашылығын көп уақытқа дейін қазақ әдебиеттану ғылымында реалист жазушы ретінде біржақты қарастыру орын алып келді. Жазушының туындыгерлік әлеуетін бір ғана әдеби бағыттың қазығына байлап қою, автордың поэтикалық образын ашуға зор нұқсан келтіретінін кейде тарс естен шығарып та аламыз.

Белгілі қаламгер Дидахмет Әшімханұлы – әңгіме жанрына үлкен жауапкершілікпен қарайтын аға буын өкілдерінің бірі. Оған куә – аллегориялық стильмен жазылған ұлттық әдеби процестегі шағын жанрдың тәлімгерлік пафоспен шырайын кіргізген шоқтығы биік, бітім-болмысы өзгеше автордың өздік жазу мәнерін айқара ашып көрсеткен “Тасқала”, “Жынды жел” т.б. туындылары. Осы әңгімелерінде жазушы “Қазір” және “Осында” хронотоптық жұбын шығармашылық шеберлікпен үйлестіре отырып, ұлттың алданған үмітінің рухани жоғын жоқтауды алдыңғы орынға қойып, милеттік мифологиялық дүниетанымды таскерен қоғамның көкірек-көзін оятатын қаламгерлік қаруына айналдырады. Біз “Жынды жел” әңгімесінің мифологиялық бастау көзі “Алас тайпасы туралы аңыз” ділсізденген қоғамның өзегіне рухани түрен салып, қалың ұйқыдағы сана-сезімін оятатын қаламгерлік қару екендігін сезіне аламыз.

Әр кезең, әр дәуір сайын түрі сан құбылып, сайтандай түрленіп отыратын идеологиялық билікпен Дидахмет өз әңгімелері арқылы әрі амалыттық, әрі интеллектуалдық күреске бел шеше кіріскенін ұлтқа аян етіп, жарқырата танытатын әңгіме ретінде “Жынды жел” туындысының сөз танитын жандар үшін мәдени-рухани маңызы зор.

Өзін милеттік әдеби процесте барша қырынан танытып көрсете білген қаламгерлеріміз Егемендік жылдары бір нәрсені айқын түсінді. Ол – идеологиялық сын. Осы идеологиялық сын түрлі ағым, түрлі бағыт, қилы әдеби амал-тәсілдер арқылы жазушыларымыз тарапынан айшықтала бастады. Бұл шығармашылық процесс үстінде бір қаламгерде – бәсең, бір қаламгерлерімізде – пәрменді түрде танылса, енді бірінің туындысының бойында – ашық, келесі бірінде – астарлы түрде ұшырасады. Бір қаламгер оны – қоғаммен қоссақтаса, келесісі – заманмен байланыстырып, реалистік дәстүрге беріктіктерін танытады. Өзге қаламгерлер – мәдени код арқылы ұлт пен адам болмысын реалистік-мистикалық аңыста ашып көрсетуді қажет деп табады. Өйткені, әркімнің өз талғамы бар. Оған біз кеудемсоқтықпен араласа алмаймыз.

Қазіргі ұлт әдебиетінде ғалымдарымыз тарапынан қазақ әңгімесін қарастыру екі бағытта өрістеп отыр. Оның бірі – ескіше туындыны саралау, екіншісі – оған балама ретінде ара-кідік қазақ әдеби сынында ұшырасып жүрген мәтінді саралау. Сонымен ғалымдар әңгіме табиғатын танып білуде бұрынғы бас шұлғушы бірліктен бастартып, туындыны қарастырушы және мәтінді

карастырушы болып екі топқа бөліне бастады. Біз “Жынды жел” әңгімесін туындылық негізде емес, мәтіндік негізде талдауға ден қоймақпыз. Сол себепті жазушы өзі таңдап алған мәдени код “ЖЕЛ” арқылы туындының құпиялы қойнауында не жасырынғанын білмек болған сансыз талпыныстың бірін оқырман назарына ұсынбақпыз. Бұл талпынысымыздың сәтті болуы да ықтимал, әрі жартыкеш өлі туған ғылыми дискурс болып шығуы да ықтимал.

“Мен бұл аңыз-әңгімені бұдан елу жыл бұрын ел кезіп жүретін әлдебір емші шалдан естігем. Естігенде де жәйбір жағдайда емес, көлденең жабысқан кеселден есімді енді жия бастаған кезімде. Сол сәттегі аурумен арпалысқан жай-күйім мен жанымда сақалын сипап қойып, есте жоқ ескі заманнан сөз қозғап отырған ақ шапанды ақсары шал есіме түссе, қазірге дейін қарадай денем тітіркенеді. Рас, сондағы менің жайым да мәз емес, шалдың әңгімесі де тым ауыр еді...”- деп басталатын автобиографизм негіз болған әңгіменің мағыналық емеуіріні оқырманға “ұлт әлемінің образы” жайындағы жеке бастық түсінікті ұғындыру. Осы әдеби қадамы арқылы автор саналы оқырманды өзімен ой бөлісуге шақырады.

Біз жоғарыда сөз еткен ескіше туынды әлеміне ғылыми бойлау төрт тұрғыдан өріс алады. Біріншісі – туындыны одан тысқары жатқан әлеуметтік-тарихи тағы басқа жағдайларға қатысты себепкерік-түп төркіндік байланысын ашуға талпыныс жасау; екіншісі – жалпы поэтикалық жапсарда ой айтуға тырысу; үшіншісі – шығарманың ішкі болмыс-бітіміне қатысты ой түйіндеу; ең соңғысы – герменевтикалық аңыста туынды мазмұнын ұғыну мен тәпсірлеп шығу. Ал, мәтін әлеміне бойлау дегеніміз – автор мен оқырман арасындағы ешбір теорияға, ешбір концепцияға, ешбір идеологияға басы байланбаған еркін сұхбаттастық. Осы сұхбаттастық үстінде бұрынғы ғылыми стильдің орнын көркем сөздік, көсем сөздік, философиялық ой толғау (дискурс) басады.

Шығарма керемет тамаша басталып қоймайды, авторлық миф арқылы “Иманынан айрылған халықтың жоғалатыны” жайлы қаламгердің ауыр ойын оқырман жадысына шегелейді. Бүгінгі күнді өткенмен байланыстыру негізінде қаламгер ел сөзін ұстаған қалам иесі ретінде рухани дабыл қағып отыр. Әр жолды оқыған сайын жүрегің қан жалап, “осы сөз тыңдаушысын таппай далаға кетпесе екен” деген пікірге келесің. Дидахмет өз әңгімелерінде тек алашына ойлантатын дүние ұсынып, ойға қозғау салып, ұлттық намысты қайрауды басты орынға қоятынын “Жынды жел” әңгімесіне де негізгі желі ете білген. Жазушының шеберлігі – оқырманды ойлауға жетелеу екендігін есте ұстар болсақ, жазушының аллегориялық тілмен кестелеген: Орманы – орыс, Мұндары – жоңғар, Жөбірі – жөйіт, Обыры – қытай, Аласы – Алаш екендігі мен мұндалап тұрады. Әсте, ұлт ескілігінен бізге жеткен мұндай аңыз да жоқ. Тек жазушы өз қиялынан ғажайып аңыз жасап, қазақты құртып бара жатқан кесепатты меңзеуге нышанат таба білген. Тамаша. Бұл аңыз емес, қазіргі шындық. Ұлттың өзін-өзі жұтуының алдын алуға деген қаламгердің азаматтық талпынысы. Әңгіменің басты артықшылығы ел айтпаған ойды – мифке айналдырып, оқырманмен ой бөлісіп, ортақ зардаптан

айығуға тәлімгерлік жол нұсқау. Бабалар қателігін қайталмай, одан сабақ алуға шақыру.

Панбабылдық пен еуротектіліктің және үнді-қытайлықтың текетіресі туынды бойында тұнып тұр. Оны сөз танығандар авторлық мәдени кодтар арқылы танып біле алады. Арман мен Ардың өзара ащы шер тарқасуы оқырманды бей-жай қалдыра алмайды. Туындыда автордың болашақ ұлт зиялысының (бір арқылы мыңның тағдырын тоғыстырып) қалай еуропалық ілім-білімнің аяр шырмауына түскенін одан қалай арылғанын былайша суреттейді: “Мектеп кітапханасынан көтеріп келген бір құшақ кітабымды күні бойы оқимын да жатамын... Ең тамашасы сол, менің мектеп кітапханасынан алып келген кітаптарымның бірінен бірі қызық болып шыққан. Қайсысын бастасам да аяғына жеткенше асығамын. Қайсысын оқысам да сиқырлы-сырлы таңғажайып әлемге тап боламын. Иә, қай жағыма қарасам да... қызылды-жасылды, айшықты-өрнекті, құпиялы-жұмбақты бір керемет дүние! Осынау сан түсті, сан бояулы, тағдырлы-тартысты өмірдің ішіне кірген сайын өзімнің жалғыз бөлмелі жаман қараша үйде жатқанымды мүлде ұмытып кетемін. Ұмытқаным сондай, бірде Капитан Гранттың балаларымен бірге көк теңізді көктей жүзіп, алыс аралдарға аттанып бара жатамын; енді бірде Том Соэр мен Гекльбериге жолдас болып, қайдағы бір қазынаны іздеп жүремін; одан соң жүк кемелерін тонап жүрген теңіз қарақшыларына ілесемін. Олар біреулерді атса – атуға, шапса – шабуға дайын екенімді сеземін. Ал осы «достарым» әлдебір сәтсіз жағдайға ұшырай қалса, «ой, әттеген-ай!» деп орнымнан атып тұратын да кездерім болады.”

Және автордың бұл тәпсірлеуі Борхестің “Бабыл кітапханасы” әңгімесімен үндесіп, мың жалған шындықтың бір ақиқат алдында тізе бүгетіндігін авторлық емеуірінмен ұлтына ұқтырады. Біз жазушының сиқырлы қаламы арқылы кеңестік дәуірде ұлттық жадыны тексіздікпен шырмаған сананы еуропаландырудың көзге көрінбес аяр шырмауығы торлаған балаң милети арманмен ұшырасамыз. Тәлімнің бастау көзі ұлттық тәрибегенің босағадан сығалауы, ағаның басқа елдің үрдісінің жетегінде кетуін, ал, оның тірі екендігін кейіпкердің бауырының іс-әрекетінен сезінеміз. “Күндіз бес жасар інімнен басқа жанымда жан баласы болмайды. Оның да менде шаруасы аз, бір бұрышта күбір-күбір сөйлеп асығын ойнайды да отырады. Кейде шешеммен бірге қозы бағып кетеді”. Екі ұл – ұлттың қаққа жарылған келбеті. Жүрекке ауыр мұң орнатады. “Кітап пен асық” ассоциациясы небір қиямпұрыс ойларға жетелейді. Күрсініп отырып оқисың, қабаққа алапат мұң қонақтайды.

Қазақ үшін ең қасиетті жер – ата-баба зираты. Осы құндылық қалай тәрік етілгені жайлы мына балаң санадағы қиял жүрегінді мұздатады. Енді мәтіндегі өрелі ойға кезек берейік:

“Сосын шалқамнан жатқан күйі үйдің көптен бері әктелмеген кір-кір төбесіне қадала қарап, ұзақ-ұзақ қиялға батамын. Кластас достарымды таңқалдыратындай не істеуге болады деп ойлаймын. Жасым болса да он бірге келді. Бірақ осы уақытқа дейін біреуді елең еткізетіндей ештеме істемеген екенмін. Сабаққа үнсіз барып, үнсіз қайтқанымнан басқа бітіріп жүрген түгім

жоқ. Ал мендей анау Том Соэрді қарашы! Қандай тапқыр да табанды бала. Сол мінезінің арқасында эне, бар мақсатына жетті, тынбай іздеп жүріп тығулы жатқан көмбенің көзін ашты. Сөйтіп бір-ақ күнде бүкіл жұртты таңқалдырып, шылқыған бай боп шыға келді. Ал менің... жыртық шұлықтан башпайым шығып жатқан түрі мынау. Не істеймін? Қалай баай адам болуға болады? Шіркін-ай, бір ғажайыптың күшімен әлдебір жерде көмулі жатқан дорба-дорба алтын-күмісті тауып алсам ғой... Алтын-күміс! Жарқ-жарқ еткен асыл тастар! Әншейінде әншілер «Алтын Алтай» деп ән салады. Сол алтыны қайда оның? Соны қалай табуға болады?.. Тоқта. Баяғыда біздің елдің байлары Қытайға қашқан кезде бар байлығын осы жаққа тығып кеткен деуші еді. Мүмкін соларды іздесем қайтеді? Ойым сан-саққа кетіп дәмбекши беремін. Ақыры бұл ойымнан түк шықпайтынына да көзім жеткен. Қоржын-қоржын алтынын оп-оңай жерге жасырып кететін сол байлар ақымақ дейсің бе. Жоқ, басқа, басқадай қазына іздеуім керек.

Өстіп миымды мың-сан ойлар шырмап жатқанда... кенет тарих-мұғалімнің бір сөзі есіме түсе қалған да, қуанғаннан орнымнан ұшып тұрғанмын. Бірде ол ауыл шетінде ұзыннан ұзақ созылып жатқан обалар тізбегін бізге көрсетіп тұрып: «Бұлар – мыңдаған жыл бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың зираты ғой. Сол кездегі діни ұғым бойынша адам бұ дүниеде жиған-тергенінің қызығын О дүниеде де көрсін деп өлгеннің мүлкін өзімен бірге көмген. Оның ішінде, әрине алтын-күміс, асыл зат та болады. Соны білген өзге жұрттың ұры-қарылары бұларды көп тонаған. Бірақ сау қалғандары да болуы мүмкін» деген. Сондай обалардың бір-екеуі ауылдағы біздің үйдің огородында да бар еді. Әкем картоп егетін жер жыртық кезде, оларды ылғи айналып өтетін. Неге соны қазбасқа? Қазу керек! Қазамын. Дәл сол екі обаға ешкімнің қолы тимеген шығар... Көзіме жалт-жұлт еткен алтын бұйымдар, небір асыл тастармен безендірілген әдемі әшекейлер елестейді. Сол ғажайып бұйымдар қолыма қазір тиетіндей денем бір ысып, бір суиды. Жүрегім лүп-лүп соғады... Өстіп жатып қалай ұйықтап кеткенімді білмеймін“. Біз әлі әңгімені толық оқып болған жоқпыз. Бірақ бала қиялының артында бас кейіпкердің азғындануы мен имандануы арасындағы ғарасат майданы жүріп жатқанын аңдаймыз. Міне, кейіпкердің қандай жолға түсуін авторлық шешім белгілеп беріп, оның “ДЕРТКЕ ШАЛДЫҒУ” мотиві ұлттық құндылыққа пысқырып қарамайтын мәнгүрттенуден арылудың жолы ретінде былайша бір жаққа шығарады. Автор осы жолда “Үйдің де үй дейтіндей сиқы жоқ. Қарағайдан қиып салған жалғыз бөлме. Есік жақтағы бұрышта – бүйірі жыртық темір пеш. Төрде – қабат-қабат етіп жинап қойған жүк: көрпе-жастық, матрас. Оң жақтағы қабырғада – төрт шынылы кішкентай терезе. Оның бір көзі ылғи ашық тұрады. Есікті біреу ашып қалса болды терезеден ұрған жел өңменіңнен өтеді” деген кірістірме авторлық баяндауды одан әрі өрістетеді. Бұл әңгіме бір ғана бала туралы емес, бүтін бір ұрпақтың ұлттық негізге түрлі жолмен қалай оралғандығының бір нұсқасын оқырманна ұсынып отырған авторлық сыр бөлісу. Оған бастар жол былайша суреттеледі:

“...Және қанша ұйықтағанымды да білмеймін. Әйтеуір, тұяқ серіппей екі-үш сағат қатып қалсам керек. Оянған сәтте дір-дір етіп тоңып жатқанымды

сездім. Есік айқара ашық қалыпты. Терезе де ашық. Сырттан соққан суық жел үй ішінде гулеп тұр... Есікті ашып кеткен сол екені анық. Байқаймын, мұрным бітеліп қалған сияқты, пыр-пыр етіп әзер дем аламын. Басым меңзең. Шекем шың-шың етеді. Орнымнан тұра беріп етбетімнен құладым. Қисалаңдап қайта тұрдым. Тізем дір-дір етеді. Тәлтіректеп сыртқа шықтым. Таң атып қалған екен деймін. Күн қып-қызыл болып желке тұсымнан шығып келеді. Батыс жақтан. Бұнысы несі, күн шығыстан шығушы еді ғой деймін. Үйдегілер қайда? Неге бүгін бәрі ерте тұрып кеткен? Бір мезет құсқым келген. Бірақ лоқсып-лоқсыдым да қойдым, аузыма қара судан басқа ештеме келмеген. Сосын басым айналып біраз тұрдым да, тәй-тәй басып келіп үй бұрышында тұрған ағаш шөркеге отырдым. Көзім боталап сонау шығыс белдеудегі таулардың шоғыр-шоғыр қыр арқасына қараймын. Жоқ, таулар емес, жал-жал болып төңкеріліп жатқан көк теңіздің көкдолы толқындары сияқты. Сол толқындарды қақ жарып, әне, Алтайдың Ақсөре шыңы ақ желкенді кемедей әлдеқайда асыға жүйткіп барады... Басыма бірінші рет «менің әкем неге қойшы болды екен?» деген ой келген.”

«Менің әкем неге қойшы болды екен?» деген сияқты милеттік ділден ажырай бастаған еуротектілік меңдеген бала сана алаштық дүниетаным шеңберіне қайтып оралуға тиіс немесе Шыңғыс Айтматовтың “Ақ кеме” хикаятындағыдай еуротектіліктің уын ішпей тұрып, өлуі керек. Екі жазушы түркі дүниесіне орыс мәдениеті екен арам шөптің оталуын екі түрлі авторлық шешіммен шешеді. Біз бас кейіпкерді өлімге қимаймыз. Авторда қимайды. Қайта оқиға дініне авторлық мифін енгізу арқылы ұлтына арнап, арыдан толғап сөз қозғауға “жел дерт” деталь-шрихымен алдына романға жүк болар ауқымды мақсат қояды. Тіліміз бір, дініміз бір болғанмен түркі халықтары әртүрлі емделеді. Қазақ – қазақша, өзбек – өзбекше. Осы емделудің этнографиялық нақтылықпен берілуі қаламгердің шеберлігін көрсетеді. Кеңестік кезеңдегідей сарказммен халық емшілерін жосықсыз күстаналаудан ада адамды сауықтыру процесін, балаға қатысты психологиялық ауан дәлдікпен берілген мәтінге кезек берейік:

“...Шешемнің ып-ыстық құшағы... Бірдеме дегім келеді. Бірақ дей алмаймын. Кеудемді бір нәрсе ашыта түскендей. Басым айналып... жоқ, жер төңкеріле бергендей... Бұдан кейін... әкемнің мені құшақтай көтеріп үйге ала жөнелгені, төр басына жатқызып, маңдайыма суық су басқаны, шешемнің жылап жүріп бір-екі түйір дәрі ішкізгені – бұлдыр-бұлдыр есімде.

...Күндіз бе, түн бе... түсім бе – білмеймін... Менің оқып жатқан кітабымды інім қолымнан жұла қашып, сыртқа қарай зыта жөнелгенін көремін. «Тоқта! Таста кітапты!» деп соңынан қуып беремін. Ол тоқтамайды, сақ-сақ күліп тауға қарай қашады. Мен жанұшыра қуа түсемін. Қолымда теңіз қарақшыларының кольт пистолеті. «Тоқта! Тоқта! атам!» деймін айқайлап. Ол тоқтамайды, жүгірген бойда жолай кезіккен биік қарағайдың басына өрмелей жөнеледі. Жоқ, қарағай емес, желкенді кемеменің биік дінгегі. Інім соның басына шығып алып, қолындағы кітап беттерін жыртып-жыртып желге ұшырады. Мен кольт пистолетімен оны атып жіберемін. Ол шыңғыра құлай береді.

– Әке-е, әке-е! Мен оны аттым, – деймін булығы қыстығып. Әкем маңдайымнан сипайды. Алақаны сұп-суық.” Автор осы бала санасының батыстың алдамшы санасынан айығуын “жыртылған кітап бетімен” жеріне жеткізе мистикалық сарында суреттейді. Екі дүниенің ортасында орын алған өлім мен өмір арпалысқан алмағайып сәтті одан ары қалам ұшына былайша іліктіреді:

“Үстінде аппақ шапан. Сақалы да аппақ. Әкемнің сақалы жоқ еді ғой деймін. Сосын... көз алдымда көлбеңдеген жаңағы көп елес біртіндеп алыстай түсті де, жалғыз ғана адамның бейнесі қалған... Сақалы кеудесіне түскен үлкен ақсары шал. Сұп-суық алақанымен маңдайымнан сипап қояды. Одан әріде тақыр басы салбырап әкем отыр. Түсім емес – өнім. Елес емес – кәдімгі әкем мен әлдебір шал.

– Батыр, қалайсың? – дейді шал, бадырайған алакөзін маған тік қадап. Денем дір ете қалды да, көзімді жұма қойдым. Бұл кім? Қайдан жүрген адам?

– Аш, балам, көзіңді, – дейді ол әмірлі дауыспен.

Ашпадым. Қорқып жатырмын. Бас бармағын батырып білезігімнен ұстағанын білдім. Қолымды одан жұлқи тартып едім, таскенеше жабысқан саусақтар жібермеді.

– Қорықпа, құлыным. Бұл кісі – емші атаң ғой. Тамырыңды ұстасын да. – (Әкемнің дауысы).

Шал ұстаған бас бармақтың басынан лүп-лүп соққан қантамырдың бүлкілін сеземін. Недәуір уақыттан кейін шал:

– Балаға жел тиген. Шайтан ұрған. Су әкеліндерші, – дегенін естідім”.

Біз де бала ұстап отырмыз, сондықтан әке мен шешенің баласы үшін отқа да, суға да түсетін психологиялық жағдайын тап өз баламыз бірденкеге ұшырап, жынның салқыны тигендей жеке бастық әсерде қаламыз. Сөз сиқыры деген осы да!.. Бұндайда ерлі-зайыптылар ішінде бірінші күйіп пісетін де әйелдер қауымы, автор осыны тамаша бере білген:

“– Ата, айтыңызшы, балаға не болған? Мына дерттен айыға ма, жоқ па? – (Шешемнің дауысы).

– Абыржыма, қарағым, ертең-ақ құр аттай шабады. Қатты жел тиген ғой. Үйде баланы жалғыз қалдыруға бола ма. Ескі-қыстау, иен жер. Жын бар, шайтан бар дегендей...

Бетіме бүркіп жіберген суық судан селк етіп, көзімді қалай ашып алғанымды білмей қалдым.

Шалдың еріні жыбырлап бірдеме оқып отыр. Оқып-оқып алып бетіме «суф» дейді ыстық демімен. Тағы оқиды. Тағы да – «суф, суф». Осыны бірнеше қайталады да:

– Басын көтеріп отырғыз, – деді әкеме.

Әкем желкемнен демеп кеудемді тіктеп отырғызды. Шал орнынан тұрды. Қолында қамшы. Кірпідей жиырыла қалдым. Қазір соғады.

– Кет, бәлекет, кет!

Арқамнан қамшы сипап өтті. Ауырған жоқ.

– Кет, бәлекет, кет! Ойға кет! Қырға! Суға кет! Суф! Суф!

Қамшы арқамнан және сипап өтті. Байқаймын, бойым шынында да жеңілдеп, сергіп қалғандай.

– Енді жылы бүркеніп жат, – деді шал бетіме күлімсірей қарап.

Жаттым. Шал жиюлы жүкке арқасын сүйей отырды. Жерге дастарқан жайылды. Артынша буы бұрқырап қуырдақ, шәй келді. Көрпенің бір бұрышынан сығалай қараймын. Маған көлденең жабысқан кесел-дерттің бірі ойға, бірі қырға кеткеніне сенгендей әкем мен шешем енді жайбарақат шәй ішуге кіріскен.

– Жел тигеннен адам өстіп ес-түсінен айырыла ма, – дейді әкем. – Түні бойы жын қаққандай сандырақтап шығады. Бұл өзі басқа бір дертке ұшыраған жоқ па осы?

Шал жымиып күлді. Сосын шәйін сораптай отырып:

– Қарағым, жел деген оңай жау емес. Баяғыда іргеден соққан жынды желдің кесірінен бір тайпа ел мүлде құрып та кеткен, – деді.”

Дидахметтің қаламгерлік шеберлігі екі бірдей мәдени кодты (жел мен дертті) бүгінгі мен өткенге жалғай отырып, тоғыстыра отырып, өзінің ұлтына айтар өнеге-тағылымына айналдыра білуінде. Жекенің тағдыры мен ұлттың тағдырын байланыстыра жазылған әңгімелер қазақ әдебиеті түгіл әлем әдебиетінде санаулы. Тіпті осы жанрды жете меңгеріп, талай-талай шоқтықты дүние тудырған қаламгердің кейбірі жеке мен жалпыны біріктіре қарпи алмай, айтар ойын желге ұшырып алатын жайларда қазіргі қазақ әдеби процесінде жетіп артылады.

Ұлттың туынды бойында ұшырасатын үшінші мәдени коды – “АЛТЫН”. Осы кодты автор бірден мәтін тініне ендіре салмайды. Бірте-бірте оқиғаны қоюлата отырып енгізеді. Автордың жете меңгерген әдеби әдіс-тәсілі қосар нарраторлық. Әңгімеде бірі – енді ес білген, бірі – ұлтына жөн сілтер ақсақалдық тәлімгерлік ұстанымдағы қосар әңгімеші бар.

Ақсақалды емші ұлттың азғындануының үш жолын – орыстық, қытайлық және үнді-еуропалық – рет-ретімен бүгін мен өткенді жалғастыра мистикалық сарында баян етеді.

“Мен елең еттім. «Жынды желі» несі? Бір тайпа елдің құрып кеткені қалай?

– Қызық екен, – деді әкем таңданып.

– Қызық емес, сұмдық де. Сол сұмдыққа жеткізген – мақтаншак қатындардың даңғойлығы болған.

Шешем именшіктеп төмен қарады. Бұны байқап қалған шал:

– Шырағым, ол замандағы «қатын» сөзінің қазіргі әйел затына қатысы жоқ. Сонан кейін... мен ауызға алған тайпаның көсемі қоластындағы адамдардың еркегін де, әйелін де кейде «қатын» деп сөйлейтін әдеті болған.

– Ақсақал, сіз бір қызық әңгіменің ұшын шығарып отырсыз. Егер айып болмаса, осы әңгімені түп-түгел айтып беріңізші бізге. Мына бала да тыңдасын, – деп әкем қопандай түскен.

– Бала тыңдағанмен қазір бәрін түсінбейді. Тек сөздің ұзын-ырғасы ғана есінде қалады. Бірақ кейін, есейе келе мұндағы әрбір сөз жадында қайта жаңғырып, қатты ойланатына менің күмәнім жоқ.

– Ойпырмай, ішті кептірдіңіз-ау, ақсақал. Айтыңызшы. Бәрін басынан бастаңызшы.

Шал сақалын саумалап біраз ойланып отырды да, тамағын қырнап, бір-екі рет жөткірініп қойды. «Тезірек сөйлесе екен, айтса екен» деп мен жатырмын”.

Шал әңгімесінің ырғағын қысқарта сөйлесек, тайпаның еркектері жылына бір-екі рет алыс тауларға аттанып, біраз күн аң аулап, саятшылап қайтатын әдеттері болыпты. Құрым киізді қоңыр үйлерде тек қатын-қалаш, қыз-келіншектер ғана қалып, бар бәле осы кезден басталады. Бұл “САЯТ” мәдени кодының нені білдіретіні бізге белгілі: қайқы қылыштың заманы өтіп, кегі кеткен кешегі бодандарымыздың Тәңір Текті Түркілерге азуын көрсете бастаған дәуірдің тууы. Иә, жазушы тарихшы емес, оған түркілердің әскери билігінің келмеске кеткенін фактімен емес, “Алтынның табылуы” фабулалық желісімен берген оңтайлы.

“Қалай дейсіңдер ғой? Былай. Дәл осы күндері, қас қылғандай, тайпаның ең кәрі кемпірі – көсемнің шешесі көз жұмады. Қатындар қатты абыржиды. Қабір қазатын бір еркек жоқ. Күн болса, ыстық. Мәйітті тырайтып жатқыза беруге болмайды. Амал жоқ, қатындар қолдарына бір-бір күрек алып, сонадай жердегі көкшіл белдің үстінен көр қазуға өздері кірісіп кетеді. Бір күрек бойы қара топырақ шығады. Екі күрек бойлағанда сары топыраққа ілігеді. Белден төмен түскенде көкшіл құмды көреді. Құм арасынан жылтылдаған бірдемелерді байқайды.

– Әй, мынау не? – деп көр түбінде тұрған әйел бір күрек құмды сыртқа лақтырып тастайды. Сары топырақ үстіне шашылып түскен құм іші... жылт-жылт жымыңдайды... Жалт-жұлт жарқырайды. Бұны көрген қатындардың бір сәт тілі байланып қалады, өз демдеріне өздері тұншығады.

– Ал-тын, – дейді әуелі эзер сыбырлап. Сосын бар дауыстарымен:

– Ал-л-тын, – дейді айқайлап.

– Алты-ын! Алты-ын! – дейді тау жаңғырығып.

– Алтын! Алтын! – дейді орман-тоғай шуылдап.

Жерде тұрған қатындар ентелеп көрге ұмтылады. Көрде тұрған қатын долданып:

– Жоламаңдар! Бастарыңды шабамын! – деп күрегін айбалтадай ары-бері сілтейді. – Алтын керек болса, өздерің қазып алыңдар.

Енді әр қатын әр жерден топырақты бұрқылдата жөнеледі. Қызық болғанда, көп өтпей-ақ олардың да күрегіне құм аралас алтын іліге бастайды. Қазған сайын табыла береді. Тапқандарын... шешіп жіберіп көйлектеріне түйеді... сыпырып тастап, дамбалдарына толтырады. Жайшылықта біреуінің тобығы көрініп қалса жабыла бет шымшитын олар енді түп-түгел жалаңаш қалған жарқырап. Қызаратын қатын жоқ, қымсынатын қыз да жоқ. Бәрінің көзі алтында. Ал өлген кемпір боз үйде истеніп жата береді.

Көп ұзамай саятшылықтан еркектер де оралады. Оралған сәтте.. иен тұрған үйлерді, түгіні өшкен қазан-ошақты, иістеніп жатқан кемпірді, көкшіл белдің үстінен көп қатынды көреді. Оларға шауып жеткенде:

– Алтын! Алтын таптық! – дегенінен басқа ештеме естімейді. Сонда мән-жайды әбден білген тайпа ақсақалы:

– Бітті! Құрыдық! Алас тайпасының басына ақыр заман келді! – деп аттан құлап түседі.” Одан ары жазушы “әйелі азған елдің өз түп-тегінен ажырайтындығы” турасындағы ғаламның бұлжымас заңдылығын өзіндік концепция арқылы түйіндеуге көшеді. Ұлтты құртқан үш қанды қақпанды “АЛТЫН” кодының төңірегіне топтастырады.

Қазақ “Аңдыған алмай қоймайды” дейді осының қалай болғандығын қазаққа рухани-саяси және мәдени тісі батқан империялардың ашық және астыртын үстемдік жүргізгенін және жүргізіп келе жатқандығын мыңжылдықтар шеңберіне сыйдырып бере білу әңгіменің басты жетістігі дер едік. “Алас жерінен алтын табылғаны туралы сөз көсем шешесінің топырағы суып үлгіргенше алыстағы Орман тайпасына, жақындағы Обыр тайпасына, жер түбіндегі Жебір тайпасына желдей есіп жетеді. Бәрі бір-ақ шешімге келеді: Алтынды алу керек, Аласты құрту керек. Ал қалай құртуға болады? Бұл жағынан әр тайпа өздерінше бас қатырады. Күн ойлайды, түн ойлайды. Көппен кеңеседі, азбен ақылдасады”.

Осы ақылдаудың ақыры Орман тайпасынан – кеспек-кеспек «қызылсу», жәшік-жәшік «мөлдірсуға»; Обыр тайпасынан – айнаға; Жебір тайпасынан – гендерлік саясатқа ұласады. Осы кесепаттың бәрін автор мистикалық аңыста кеше мен бүгінгі өмірдің реалды шындығын алмастыра, ауыстыра беру арқылы оқырманына ой салады.

Біздің қазіргі тірлігіміз өткеннің оқиғасы секілденіп былайша беріледі: “...Арада ай өтеді, жыл өтеді. Ақ қатын үйде отырса, төр басындағы төредей маңғазданады, сыртқа шықса, көп қатынның алдында мамақаздай мамырлайды. «Әй» дейтін оған еркек жоқ. «Әй»-ді қойып «ә» десе өз қатындары «мә» дейді. Өйткені олар құдай болудан қалған ғой. Құдай болатындай сияқтары да қалмаған. Орман тайпасы «тәтті сусындарына» тойып алып күні бойы киіз үй іргесінде тоңқаяды да жатады. Мал бағусыз, қатын қараусыз қалады. Бала-шаға күндіз-түні баяғы Обыр тайпасынан келген қара кемпірдің айнасына қарайды да отырады. Ғажап айна! Алыстағыны алақандағыдай көрсетеді. Ал ол не көрсетпейді десеңші. Бұзауға артылған бұқаны, жігітке өзі артылған қыздарды, жалаңдаған пышақты, жап-жалаңаш құшақты, жын қаққандай биді, құтырынған күйді, бәрін-бәрін көрсетеді шіркінің. Оны көрген қыз-жігіт тепең-тепең етеді. Қол сумандап етекке, қыз елпендеп жетекке кетеді.” Автор ұлтты ойға қалдыратын өзіндік мифтуындыгерлігі арқылы талай өзекті мәселені көтереді. Шешімін қалай табуға болатындығын бабалар жолына қайта оралу деген өз пікірін оқырман алдына тартады.

Автор одан ары қарай бұл тірліктен арылмасақ, Батыстан, Шығыстан келген түрлі ақылмандардың (Ақ қатындардың) тіліне ерсек не болатынымызды астарлай білдіреді: “Ол енді көп қатынды жиып алып, ақбоз үйде мынадай сөз бастайды:

– Балаларың әлсіз, еркектерің әрсіз, суыққа шыдамсыз екен, – дейді.

– Ол неден? – деп көп қатын елең қағады.

Ақ қатын есіктен басқа тесігі жоқ, шаңырақтан басқа жарығы жоқ үй ішіне сұқ саусағын шошайтып:

– Күн түспейтін, жел кірмейтін мынадай үйде бетте өң, бойда қуат бола ма. бала-шаға, еркекті қойып, сендердің де түрлерің оңып тұрған жоқ, – дейді.

– Сонда не істеу керек? – дейді көп қатын.

– Іргені ашып, киіздерді кесіп, тұс-тұстан тесік жасау керек. Сонда желге де, жарыққа да қарық боласыңдар.

– Міне ақыл! – деп көп қатын іргелерді көтеріп, киіздерді тесіп-тесіп тастайды. Бірақ, жел соқпайды күткендей.

– Бұ қалай? – деп көп қатын ақ қатынға мәлие қарайды.

– Анау тайпаға әкелер тар жолдың бойы тұтасқан қара орман ғой. Бүкіл желді ұстап тұрған сол-дағы.

Көп қатын көп ойланбай-ақ от қояды орманға. Әп-сәтте қызыл жалын көкке жалаңдап. Ағаштар күн жанады, түн жанады көк түтін будақтап. Ақыры ит тұмсығы өтпейтін, доңыз аяғы жетпейтін ну орманның орнында жап-жалаңаш тау қалады сопайып.

Сол-ақ екен: ойдан-қырдан, оңнан-солдан самал лекіп қоя береді. Қатындар мәз боп қол соғады. Еркектер желпініп кеуде ашады. Бірінің бетіне әр кіреді, бірінің бойына әл бітеді. Мұдай рақатты кім көрген!.. Бірақ, амал не, бұл рақат ұзаққа созылмайды, самалдың арты желге айналады. Желдің соңы қара дауылға ұласады. Ол күндіз-түні түйедей боздап, иттей ұлып тұрады. Бір сәт тұна қалады, бір сәт екілене қайта соғады. Жыландай ысылдап іргеден кіреді, айдаһардай ысқырып есіктен шығады. Зәрі еттен өтеді, ызғары сүйекке жетеді. Ыңырсып жылап бала бесікте жатады. Күрк-күрк жөтеліп еркектер есікте отырады. Көздері алақ-жұлақ етіп көп қатын ақ қатынды іздейді. Ол ізім-ғайым жоғалған. Ол жоғалысымен тағы бір сұмдық басталады. Көктен түсті ме, жерден шықты ма, әлде желмен бірге жеті ме, тайпа ішінен белгісіз бір індет шығады. Бұл алдымен жан-жануар, малдан білінеді. Қотанда қойлар бастарын бір жағына қисайтып, айналып-айналып құлап түседі. Үйірде айғырлар қуып жүріп өз жатырына шабады. Түйелер жаңа туған ботасын тіземен таптап тастайды. Үйдегі иттер иесін қабады. Бұның соңы адамдарға жетеді. Еркектер бесіктегі қызына ұмтылады, қатындар қаршадай ұлды үстеріне жығады. Балалар әке-шешесімен емес, қолдарындағы айнамен сөйлеседі. Олардың не деп отырғанын ешкім түсінбейді. Тілдері басқа болады.” Өзгенің жетегімен жүрер болсақ, күніміздің қандай болмағын сездіріп, ұлттық ақыр заманның елесі қазақ даласын кезіп жүргенін сәуегейлікпен аңғартады. Ұлттық ақырзаманның қандай боларын білген сәтте жаның су түбіне кеткендей сезінесің. Жазушы шеберлігіне басыңды иіп, шығармашылық қадымына бұданда өткір туынды тілеп, ұлттық кеселді сөзбен сылыған қандауыр мәтіннің соңғы сөйлемінен кейін ауыр ойға қаласың. Қазақ бар бол ма, жоқ бола ма... Бордай тоза ма, оқтай оза ма?.. Ол бір Алланың қолында. Жазушының жаныңды жылатар шындығы бір әңгімемен түгесілмесе-ау деген оқырмандық тілек көмейіңе кептеледі. Жадыдағы кешегіден ой толғап, алаштық дүниетаным аясында бүгін мен ертеңді жалғаған әңгіме ауанындағы ауыр мұң еңсенді басады...

Дидахмет ағадай қаламгер ақылгөйдің барлығы милети дәтке қуат болып, көңілінді де жадыратады. Ұлттың зиялысы басынан шіритін билікке емес, ішінен шіріген ұлттың дертіне себілер руханият тұзы деген ой сананды байыз тапқызып, запыранды әңгіменің оқылымынан туындаған зілді ойға тоқтау болады.

II ЖЫНДЫ ЖЕЛ ТЕГЕУІРІНІ (екінші толғаныс)

Кейбір әңгімені оқыған шақта атақты жаһангер Наполеонның: “Дәстүр біздің көптеген ақымақтығымызды мінеп-шенейді, бірақ та, ең басты ақымақтық оның құлақ кесті құлына айналу” деген сөзі ойға оралады. Ол сөз ұлт зиялыларына қарата айтылғандай: құлдық дәуірдегі ұлтты адамгершілікке үндеу бір бөлек, ал, Егемендік дәуіріндегі милетті тәубаға шақыру бір бөлек. Сонымен, ұлттық әдебиетте көзге шалынбайтын этика-эстетикалық сына қағылды, бұрынғы қаламгер тәлімгерлігі мен бүгінгі жазушы тәлімгерлігі екі басқа дүние. Замана жазушысынан кешегі дәуірдің тәлімін қайталауды талап ете алмайсың. Ол азат елдің сөз егесі ретінде ойын бүкпей қазағына емін-еркін жеткізеді. Әрі Батыстық репетте канонданған кез келген әдеби бағыт пен ағымның ығына басы бүтін жығылмай, авторлық образ аясында өз пікірін сыртқа жаяды.

Ой салатын әңгіме бар, ойды үркітетін әңгіме бар. Алғашқысын құлшына оқысың, соңғысына бекерге уақытыңды кетіргеніңе пұшайман боласың. Арыдан сөз қозғап, бүгінгі қазақ қоғамының тыныс-тіршілігін таныта алатын талай әңгімелерді оқып жүрміз. Сондағы аңғарғанымыз, қазақ қаламгерлерінің қолданған авторлық сөз саптауларында (тілшілерше айтсақ: стильдік айшықтарында) әлдебір аяқталған ойға иелілік – өзіне жіті назар аударуды керексінетіндігі. Оның бойында кейбір тәлімдік білімді, өткеннің жаңғырығын, ұлттық жадының көрініс беруін, тарихи фактілерді, ұлттық идеяларды, идеологиялық шешімдерді салыстыру мен салғастыру орын алады.

Осы кезде мифтенген сөз белгілі бір формаға айналып, оның мағыналық тереңдігі екінші қатарға сырғиды да, үйреншікті мән оқиғалардың қоймасына айналады. Сөз білген жанға жазушыларымыздағы қолданыстар дегеніміз – мағына мен форманың мәңгілік жасырынбақ ойыны. Мифтік форма бойындағы ұлт тарихы автор таңдап алған концептіден тұрады. Қазіргі заманалық қазақ әңгімесінде өзін танытқан жазушылардағы мифтік концепті бір мезетте әрі өткен күндерден қилы ауанда сыр шертетін тарихи наррация, әрі өткеннен сабақ алғызатын авторлық емеуіріндік болып келеді. Мифологиялық “АЛАШ” концептісі әр жазушы түгіл, бір қаламгердің әр шығармасын айтпағанда, бір әңгімесінің бойында авторлық түрліше таңбалауға ие болып келеді. Өйткені, авторлық миф аңғал оқырманды сан соқтыратын жазушылық емеуіріні арқылы екі ұштылықтың хабарламасы. Ол сөз шақыру ретінде оқырман ойына салмақ салып, өзін ұғынуды талап етеді.

Оған өз оқырманының дайын және дайын еместігін қаламгерлер еш қаперіне алмайды. Себебі “Алаш” концептісі Түркі мен Дешті Қыпшақ ұғымына, орыстық және әлемдік тарихи концептілерге кереғар келеді. Осы төрт концептіні қолдаушыларға өз қарсылығын білдіріп, ҚАЗАҚТЫ бәрінен жоғары қоятын авторлық миф Бартша ой толғасақ: ұрланған және қайта оралған сөз. Зерттеуші тарапынан осы қайта оралған сөздің айтар уәжін жұртқа түсіндіру ғана қалады.

Біз авторлық мифи қолданысты тарихи деп танып, әрі ақиқат, әрі бейақиқат деп ұғынар болсақ, ұлт кәдесіне жарайтын ой айтуға қол жеткіземіз. Әр қазақ қаламгері өзінің қазақ болып туғанын мақтан тұтады. Ұлттық мәтіндер бойындағы “миф” өзгелер бізге осы күнге дейін шайнап беріп келген, кейбір ғылымдағы қандастарымыз қанын ішіне тартып, өті жарылып кеткенше қолдайтын жалған тарихи тұжырымдарды жоққа шығаратын авторлық ағынан жарылатын жаңаша сөз саптаудан тұрады. Олар өзінің тарихи танымын ұлттық болмыс-бітімізге бейімдеп, құр цифрлық бейкелбеттілікке образданған түсінікті сыйдырады да, өткеннің жаңғырығын оқырман санасы үшін ұғынықты ете түседі.

Сонымен, миф сөзді ұрлайды. Әшейінде ешкімнің сезімі мен санасына қозғау салмайтын сөзді ұрлап, оны мифке айналдыру –екінің бірінің қолынан келе бермейтін қаламгерлік бақыт. Күнделікті қарапайым сөзді образдандыра ұлт оқырманына ұсынуда Дидахмет Әшімханұлының “Жынды жел” әңгімесі – өзін жете қарастыруға сұранып тұрған туынды.

Автор жалпы қолданыстағы күнде екінің бірі ауырып-сырқап қалғанда қолданатын “дерт” сөзін қаламгерлік қажетіне жаратып қолды қылып отыр. Классикалық қазақ әңгімелерінде “Сөз” мифке ерікті түрде мойынсұнса, қазіргі қазақ әдебиетінде кері үрдіс орын алуда. Дәстүрлі мифтік түсініктердің орнын авторлық мифтік қолданыстар басуда. Сонымен, құрылымшылдықпен: Хатты – таңба, Әдебиетті – мағынаның рөлін атқарушы деп санар болсақ, онда прозашыларымыз толассыз өмірге әкеліп жатқан: жасанды миф қазақ әңгімесінің бүгінгі тыныс тіршілігінің күре тамырына айналып отырған жайы бар. Өзін әдеби процесте ұлтына таныта білген қаламгерлеріміз проза мен поэзияда мифтік мақсатқа сөз ұрлануын жалғастыруда.

Қазақ әдеби шығармаларын бұрынғыдай реалистік және бейреалистік деп саралаудан: мифтік және беймифтік деуге көше бастау: әдебиеттанушыларымызды кейбірде реализм мен неореализмді (әдеби синтезді) шатастырып алушылыққа ұрындыруды.

Сөз әлеміндегі ерлік неден тұрады? Мәдени кеңістіктегі хат беделін әдеби батылдықпен жоққа шығаратын шығармашылық іс-әрекеттен тұрады. Оған қадам басуға қаламгерлердің көбінің батылы бармайтыны рас, сондағы уәждары оқырмандарым ұқпай қалады деп әдеби қауымды алдаусырату. Өйткені, әдеби ерлік жасау барша қаламгердің маңдайына жазыла бермейді. Ол жазушының әдеби қоржыны толығып, ұлттың мәдени өнері кеңістігіндегі оңы мен солын таныған шақта қол жетізетін бақыт құсы. Оны қатты қысаң өлтіріп аласың, бос ұстасаң ұшырып аласың.

Қолында әділдік құсы бар қаламгер ғана қоғамның тоңмойын кертартпа пікіріне қамшы үйріп, шындықтың көк балақ қаршығысын төбесінен шүйілтіп, өзінің азаматтық қарсылығын білдіріп, басына қара бұлт үйілдіреді. Тіпті осы жолда оны замандастары түсінбеуі де ықтимал, оның еш оқасы жоқ. Тек оның жан айқайын бодандық қарғыс таңбасынан ада келер ұрпақ ұғады. Өйткені, алмас қылыштай сөз ақиқатын ешқашан тот баспақ емес.

Әлі күнге бір өкініштісі, өзінің Орталық Азиядағы әдеби көшбасшылығына тоқмейілісін қазақ әдебиеттануы Орыстың іліміне малданып, Батыстық сөз асылының қызығын көре алмауы ақыл-ойға тұсау салып келеді. Өз ділімізге ықшамдалған, дінімізге бейімделген Еуропалық ілім гуманитарлық ғылымда қолданыс тапса, орысша талданып, қазақша әрленіп жүрген қаламгерлеріміздің талай танылмай жүрген соны қырлары жарқырап таныла түсер еді.

Мен Дидахмет ағамның бір әңгімесіне оқырман ретінде құлай ғашық болдым. Еуроцентризм үстемдік құрған қоғамдық сананы одан арылуға шақыратын туындылар легінің тасқыны әдебиетімізде дүркін-дүркін әдеби қауымды дүр сілкіндіріп отырады. Міне, осындай туындылардың ішінде өзіндік дербес әдеби болмысымен бөлектеніп тұратын туынды – “Жынды жел”.

Кезінде «Тарих дегеніміз – бұл қылмыстар, ессіздік пен қайырсыздықтың жиынтығы», деген француз философы Вольтерге ағылшын тарихшысы Эдуард Гиббон жоқ ауыз өзімдікі екен деп, ұланғайыр кеңістікті өйтіп шөмшитуге болмайды: «Тарих дегеніміз – қылмыстар, ессіздік пен қайырсыздықтың жиынтық тізбегінен де ұлығ дүние» деп уәж айтады. Романға артылар жүкті көтеріп тұрған “Жынды жел” әңгімесінің бойында рух бар. Ал, ресми тарихта тек құр цифрлар тізбегінен тұратын тарихи оқиғалар тізбегі бар. Әрі әр тарихшы бір оқиғаны дерек көздеріне орай түрліше ұғындырып, ғылыми парасат майданында тек менікі ғана жөн деп өзара жаға жыртысып жатады. “Жынды желдегі” тарих бәрімізге түсінікті, өйткені, оның бойында ғылыми басылымдарда еш көрініс таппайтын: АЛАШТЫҢ ғұмырындағы: қылмыстар, ессіздік пен қайырсыздықтың образдануы бар. Ал, образданған ақиқат мәңгілік, оған ешбір ғылыми бедел мәдени-рухани тексеріс жасап, іске алғысыз қыла алмайды.

Қазір әлемдік гуманитарлық ғылымда тілшілердің тасы өрге домалап тұр. Олар әдебиеттанудың өзін тіл білімі саласының бір құрамдас бөлшегіне айналдырып тастады. Тіпті, кейбіріміз құдайдай табынатын Лотман мен Барттар да тілдің ығына кетіп қалды. Керісінше, философтар өздері қаламаса да, әдебиеттануды тіл білімінің құлдығынан басы бүтін азат етті. Бұны байқағандар жаһандық ғылымда санаулы. Неге әдебиет тілдің ығында кетті, неге философтар оны азат етті деген сауалдың жауабы біреу ғана. Ол – әдебиеттің тәлімгерлік функциясы. Әдебиет тек осы жағынан ғана қаралып келсе, өткен ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап, “автор образы” ұғымы ғылымда орынқты. Бұл ұғым әр ұлттың бетке ұстаған сөз зергерлерінің тек тәлімгер ғана емес, әрі философ, әрі идеолог екендігін танытып үлгерді. Осы үшем бірлікте алынғанда ғана қазіргі аға буын өкілдерінің шығармашылық

элеуетінің тылсымына бойлай аламыз. Және тілшілік ғылыми тірліктің санамызды байлап-матап тастаған ғылыми құрсауынан құтыламыз. Тілдік ықпалмен жазылған әдеби сында мәтіннен бөлініп алған сала құлаш мысалдар келтіріліп, оған бірде қисынды, бірде қисынсыз түсініктер беріліп, түсінік беруші скриптор өз ойын жария етеді. Ал, автор ойы тасада қалады. Осындай автор ойы тасада қалмайтын, әрі оның образының ұлт ұстаздығымен қатар, философтық абыздығы, идологтық дегдарлығы танылатын субъективті бейнесін тіл білімінің әдебиетке таңған канондарының шаңынан аршитын ойды “Жынды жел” әңгімесіне қатысты өрбітпекпіз. Әрі бұл мақала осы әңгімені оқыған әдеби қауымға арнап жазылып отыр.

Батыстың ойы бәрін жаулап алды. Сондықтан еуротектілік идеологиясы бұрын отар болған елдердің зиялы қауымын өзіне табындырып отыруға бейім, егер одан Орталық Азия қаламгерлері бас тартса, оған ешкім қайыра қойдай қайырып қайта оралта қамай алмайды. Бірінші қарсылықты Латын Америкасы әдебиеті танытып, өзінің ұмытылған христиандықсыз түп негізіне оралуды жолға қойды. Осы процесс біздің ұлт әдебиетінде де орын ала бастады. Біз осындай ұлт мәдени кеңістігіндегі жасампаздық үрдісте өзіндік қолтаңбасын қалдырған Дидахмет Әшімханұлының авторлық образын ашып көрсетуді бір әңгімесінің өзегі бойынша алдымызға мақсат етіп қойып отырымыз.

Қазақтыңтан, өзбектіктен бұрын “Алаштықты”, “Тұрандықты”, “Панбабылдықты” басты орынға қоюды синтезденген қазақ пен өзбек неореализмдері өмірге әкеліп жатыр. Сол себепті руханият әлемінде мықтап орныққан еуротекті тұжырымдарға қарсы әдеби бунт әр қаламгерде түрлі қырынан, түрлі аңыста көрініс беріп отырады. Бұл көрініс латын америкасы әдебиетінде жоғалған, әрі шеттетілген халық образында төбе көрсетсе, Орталық Азиялық қазақ, өзбек пен татар әңгімелерінде шеттетілген идеялардың түркі дүниесінің бір бөлшегі саналатын өз ұлтына басымдық бере отырып қайтып оралуы түрінде айшықталады.

Әдебиет – қаламгердің қалам қарымын танытатын шығармашылық жобалары мен шешімдерінің жиынтығы. Осы бағытта автор шығармашылық жобасын жүзеге асыру үшін белгілі бір концепцияның пайдасына қатысты мәдени таңдау жасап, белгілі бір әдеби амал-тәсілдер арқылы өз ойын ұлтына автор образының бойына тоғыстыра отырып ұсынады. Мұсылман жазушысының өзі шығармашылығында жазуды доғаруынан гөрі, ұлты үшін ойлауды доғаруы – хан исламнан бас тартқанмен бірдей. Өйткені, алаш жазушысы – қоғамды рухани емдеуші мәдениет тәуібі.

Осындай мәдени тәуіптік Ресей отарында болған қазақты қызыл билік құтқарады, бір кездері артта қалған алаш баласы жоғары рухани дамуға қол жеткізеді деген Сәкен өзінің тамаша поэтикалық көркемдікпен жазылған “Көкшетау” поэмасына постмодерндік финалдық әлсіз түйіндеуші жапсырманы саналылықпен енгізді. Осындағы автор образы қазақтың бодандыққа түсуіне ресми және діни билікке иелік еткен төре мен қожалар кінәлі деген қаламгерлік идеядан тұрады. Шығарманың кейде әрін кіргізетін,

кейде құтын қашыратын жаңашылдық ежелден бар. Оны кейін философтар постмодерн атандырып, түрлі терминмен алды артын орап, жұртқа түсініксіз етіп тастады.

Бодандықтан қазақ екі рет құтылдым деп ойлады: бірі – 1917 жылы, екіншісі – 1991 жылы. Бірақ оның әсерінің бойымызға тереңдеп сіңгенін аңғартатын мифпен өрімделген авторлық түйіндеме “Жынды жел” әңгімесінің өзегі болып табылады. Оны автор әрі философтық, әрі идеологтықпен еліне танытады.

Біз қаламгер шығармасының мәтіндік кеңістігіне ой жүгірткен шақта оның бойындағы жазушы сыналап енгізген бір-бірімен бітеқайнасқан үш кеңістікті: ежелгі, орта және заманалық ұлттық өмір бедерін беймарал аңғарамыз. Бұған жазушының туып өскен табиғаты әсем, ішіне талай сыр бүккен Алтайын аралаған көкірегі ояу жан неліктен авторлық таңдау ұлттық мәдени-рухани орталық Қасиетті Түркістанға емес, Алтайға түскенімен дау айтпай келіседі.

Өйткені, құмдауыт жердегі аңшы мен құрбандықты суреттеу мен қытымыр табиғаты бар жердегі аңшы мен құрбандықты суреттеу екі бөлек. Осы әсем табиғат аясында адамзат өркениетіндегі мәңгілік шайқас: аңшы мен құрбандық арасында өрістейді. Қасқыр кейіп “Аңшылар” – отаршы елдер де, құрбандық – оның қалаған уақытында экономикалық-әлеуметтік, рухани және мәдени жақтан аунатып жейтін қой кейіпті түркі әлемі. Алаш қасқырдан қойға айналған мүскін деген суық ой санада жылтың етеді.

Осы санада жылтыңдаған ой туынды бойындағы Алаштың үш ішкі әлемінің ұштығын қолымызға ұстатады. Олар: көш, өлім және алтын оқиғалары тарихи хронологияны сақтап, ұлт ескілігі мен бүгінгі өмірінің айнасына айналады. Әр ұғымға автор терең философиялық түйіндеулерді сыйдырған оны әр әдебиет сыншысы өзінше ұғындыра алады. Үш мәңгілік мотивтің тоғысы “Ұлттық ақырзаманның елесін” айшықтайды. Бар болу мен тоз болуды автор оқырманның өзіндік ой түйіндеуінің еншісіне қалдырады. Дидахмет ағамыздың күдіретті қаламы қай кезде болмасын арыдан ой толғап, беріден сөз қозғайтын өзіндік наррациясымен көзге еректеңе түседі. Осыны жақсы аңғарған Бағашар Тұрсынбайұлы: “«Құдайсыздар» деген әңгімеңізде төрт буынның өкілі бар. Алдыңғы үш буынның кім екені айқын жазылған. Ал соңғы буын – типтік образ ретінде бүгінгі жастар...” жазушымен болған сұхбатында орынды сұрақ қойып, оған Дидахмет Әшімханұлы тарапынан тұщымды жауап алған болатын (келтірілген үзінді қаламгердің 2013 жылы “АҚ ЖЕЛКЕН” журналына берген сұхбатынан алынды).

Постмодернист ғалымдар сүйіп қолданатын мәтін эротикасы деген терминді құлағынан сүйреп, ағамыздың барша шығармасына қатысты қолданғалы отырғанымыз жоқ. “Етегі ашылған елдің болашағы жоқтығын” автор образының ұлтқа айтпақ болған ақылмағандығы ретінде ғана сөз етіп отырмыз. Қаламгердің ашық шашықтықтан аулақ жасырын эросы осыны танытады. Ұлттың кейбір әлеуметтік тобының жиынтықталған ардан аттаған бейнесі – жазушы үшін жат. Осы дәстүрден аттауды жазушы, сыншы, Халықаралық “Алаш” сыйлығының иегері Құлбек Ергөбек қаламгердің

келесі бір әңгімесі жайында былай дейді: “Жазушы Дидахмет Әшімханұлының “Тасқала” деп аталатын әңгімесі бар. “Тасқала” прототипі (түптілғасы) – Усть-Каменогорск аталып келген Өскемен болуы әбден мүмкін. Не жасырары бар, орыстанған қала. Дидахметтің Тасқаласы да орыстанған қала. Тасқаланы бір қалаға теліп қойып, жазушы шығармасына негіз болған бір шаһардың бәсін асырып, туындының тынысын тарылтудың да қажеті шамалы. Шынтуайтына келгенде, “Тасқала” – тұтас қазақ қоғамы.

“Тасқала” – кеңестік кезеңнің жаназасын шығаратын уытты шығарма. Қазақ қоғамының келешегіне күмән келтіретін запыранды шығарма. Кешегі кеңестік кезең ғана ма? Олай десек “Бүгінгі күннің әңгімесі” атауына дүдәмалданғанымыз секілді жазушының қаламгерлік өрісін тарылтқан, шынайы жазушылығына күмән келтірген боламыз да шығамыз. Шығарманың полифониялық сипатына сенсек, туындыдан қазақ қоғамының бүгінгі де ертеңі де шет қалғалы тұрған жоқ. Иә, қазақ қоғамы!”-дейді. Жазушы қазақ қоғамындағы келеңсіздікті – қала мәдени коды арқылы берсе, енді бірде – ардан аттауды өзі жирене отырып, эросқа жүгіп, трагедиялық ситуация тудыра алған. Біз жазушы әңгімесі бойынша үзінді келтіріп жатуды құп көрмедік.

Туындыдағы ерек тоқтайтын тағы бір дүние эрос төңірегіне топтастырылған рухани билеуші мен рухани тұтқындардың жиынтық образының жүйесі. Бір атап өтетіні жазушы өз персонаждарын жалаңаштамайды, жаны күйіп тұрып, қазақ елінде орын алып жатқан сексуалды төңкерісті философтық тұрғыдан айыптайды, әрі мәтіндік түйіндеуі арқылы өз кесігін былайша білдіреді: “Көктен түсті ме, жерден шықты ма, әлде желмен бірге жеті ме, тайпа ішінен белгісіз бір індет шығады. Бұл алдымен жан-жануар, малдан білінеді. Қотанда қойлар бастарын бір жағына қисайтып, айналып-айналып құлап түседі. Үйірде айғырлар қуып жүріп өз жатырына шабады. Түйелер жаңа туған ботасын тіземен таптап тастайды. Үйдегі иттер иесін қабады. Бұның соңы адамдарға жетеді. Еркектер бесіктегі қызына ұмтылады, қатындар қаршадай ұлды үстеріне жығады. Балалар әке-шешесімен емес, қолдарындағы айнамен сөйлеседі. Олардың не деп отырғанын ешкім түсінбейді. Тілдері басқа болады.

Осының бәрін көріп-білген тайпа ақсақалы:

– Бұлар енді тірі өлік. Тайпаның күні батты, – дейді күңіреніп. Бұл оның соңғы сөзі болады”.

Персонаждарын жыныстық жақтан адами және хайуани тұрпатта жүйелей отырып, беймезгілдік авторлық семантикалық сөз саптауы негізінде бүгінгі заманның бүлініп, апай-тойы шыққандығын меңзей отырып, рухани жалаңаштануды алға шығара отырып, сексуалды мінездеулерге құрылған эротикалық көріністі алдымызға тартады. Осылайша, Дидахметтің мифтенген мәтін эротикасы әрі бейреалды, әрі реалды өмір шындығынан хабар береді. Авторлық семантикалық сөз саптау бойындағы “Жарық” – ұлттың ары, ал, “Көлеңке” – ұлттық азғындық. Авторлық миф осы екеуінің мәңгілік күресіне құрылған. Қаламгердің жеке бастық қаупі де, ұлттың фетиші – “Жарық” емес, “Көлеңкеге” айналып кете ме деген ауыр ой-

толғаудан тұрады. Бұндай өмір шындығы жаныңды рухани жаралайды, санаңды мәдени жалаңаштайды. Ұлттың белгілі бір бөлігінің Батыстың тұманында рухани адасып жол таба алмай жүруі де қаламгер назарынан еш тыс қалмай отыр.

Әлем тарихы біреудің билеп төсеп, екіншісінің оның құлақ кесті құлы болуына құралған. Билікте екі ұлтқа бірдей орын жоқ. Ұлттық кеңістіктің бұрын да тарылғаны, енді де тарылып тұрғандығы өтірік емес. Тарылған кеңістікте тек жат көзқарас ғана үстемдік құрады, ол ешкіммен санаспай Батыстың құлдығына түскен түркі халықтарының бәріне таңылып отыр. Автор әуелі әлемдік “БІЗ” тұтастығын қаққа жарып жібереді де, одан кейін ұлтты да екіге бөлшектеп жібереді.

Автордың ұлтқа айтпақ ойы рухани құндылықтан ажырап, материалдық құндылықтардың жетегінде кету – Батыстың мәдени әлемін жұтатып отырғандай, бізді де жарға жығатыны. Ұлт анасы – өлді, ұлт әкесі – шарасыз, өмірге жыңды желге ілесіп, долларға бөккен алтының буының тегеуіріні енді. Тағдыр жазымышы ұлт анасының жерленбей қалуы арқылы ұлттық күнәні тағдыр жазымышымен өмірге әкелді.

Бұдан арылу жолы – әкелер мен бабалар күнәсін олардың ұрпағының арқалап, тығырықтан шығу жолы – ұлттық құндылықтарға өзгелердің пайдасына бас тартуды доғару. Әңгімеде көсем мен тобыр арасындағы конфликтіге құрылған күрес бар. Осы күрестің шешімін автор “ұлттық жан айқай” арқылы әдеби аренаға шығарып, біз санамалаған мәдени кодтар арқылы кесікті жауабын береді.

Қазақ әңгімелері тарихи таңбалар жүйесі тұрғысынан қарастырылған жоқ, тек жанрлық тұрғыдан сөз етіліп келді де, ұлттың этностық болмысының кескін-келбетін таныту үшін авторлардың ойға алған заттық әлемі, әлеуметтік әлемі, мәдени әлемі назардан тыс қалып келді. Біз осы мәселені Дидахмет Әшімханұлының “Жыңды жел” әңгімесі арқылы автор образымен бірлікте ала отырып көңілде жүрген ойымызды жұртқа жайдық.

Әбіл-Серік